
QazIndustry

# ГОРНО-МЕТАЛЛУРГИЧЕСКАЯ ПРОМЫШЛЕННОСТЬ
## ЯНВАРЬ-ИЮНЬ 2026 г.

**10 685**
**МЛРД ТГ.**




**ИФО**

ДОБЫЧА МЕТАЛ. РУД – **102,3%**
МЕТАЛЛУРГИЯ – **97,3%**

---

**$ 6,6 МЛРД**




**ЭКСПОРТ**




**РЫНОК**

**$ 1,5 МЛРД**





**ИМПОРТ**

Данные по рынку, экспорту и импорту за **январь-май 2026** г.

---

### ОБЪЕМ ПРОИЗВОДСТВА В РАЗРЕЗЕ РЕГИОНОВ ЗА ЯНВАРЬ-ИЮНЬ 2026 Г., МЛРД ТЕНГЕ







АО «Казахстанский центр индустрии и экспорта «QazIndustry»
РК, 010000 г. Астана, пр. Кабанбай Батыра, 17, тел: +7 (7172) 79 33 90 www.@qazindustry.gov.kz

**Қаңтар-маусым айларында 2026 жылы ҚР тау-кен металлургия саласындағы (ТМК) өндіріс көлемі 10,7 трлн теңгені** құрады, бұл 2025 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда құндық мәнде 32,0%-ға жоғары. Металлургия өнеркәсібінің құрылымында негізгі үлес **түсті металлургияға** тиесілі – 5 560 млрд теңге ,**қара металлургиядағы** өндіріс көлемі 1 450 млрд теңгені құрады. Металл кендерін өндіруде негізгі үлесті **түсті кендерді өндіру** алады – 3 362 млрд теңге, ал қалған бөлігі **темір кендерін өндіруге** тиесілі – 295 млрд теңге.

**ИФО «металл кендерін өндіру»** 2026 жылғы қаңтар-маусым айларында 102,3%-ды құрады. Бұл ретте **«темір кендерін өндіру» ИФО-сы** 98,6%-ды құрады. Төмендеу марганец (94,6%), темір (93,8%) және хром (99,5%) кендерін өндіру ИФО-сының төмендеуіне байланысты.

**ИФО «түсті металл кендерін өндіру»** 102,6%-ды құрады. ИФО-ның өсуі құрамында алтыны бар кендерді өндіру көлемінің ұлғаюына (107,1%) байланысты.

**«Металлургия өндірісінің ИФО-сы** 2026 жылғы қаңтар-маусым айларында 97,3%-ды құрады.

**Түсті металлургиядағы ИФО** 94,0%-ды құрады. Өндірістегі ИФО-ның төмендеуі өңделмеген және жартылай өңделген немесе ұнтақ түріндегі алтын (90,0%), аффинаждалған алтын (87,3%), өңделмеген алюминий (алюминий оксиді) (85,9%), өңделмеген мырыш (85,2%) және т.б. өндірісінің төмендеуіне байланысты.

**Қара металлургиядағы ИФО** 103,6%-ды құрады. Қара металлургиядағы ИФО-ның өсуі мынадай өнімдер өндірісінің ИФО-сы ұлғаюына байланысты: қайта өңделетін шойын (104,6%), тазартылмаған болат (100,4%), легирленбеген болаттан жасалған өзектер мен шыбықтар (111,0%), әртүрлі диаметрдегі құбырлар, болаттан жасалған қуыс профильдер (124,0%) және легирленбеген болаттан жасалған профильдер мен бұрыштықтар (101,7%).

**Қаңтар-мамыр 2026 жылында металлургия өнімдерінің экспорты** 2025 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 25,1%-ға ұлғайып, 6 616,3 млн АҚШ долларын құрады, оның ішінде қара металлургия – 1 875,8 млн АҚШ доллары (+7,2% 2025 жылғы қаңтар-мамыр айларына қарағанда), түсті металлургия өнімдері – 4 740,5 млн АҚШ доллары (+33,9% 2025 жылғы қаңтар-мамыр айларына қарағанда).

**Металлургия өнімдері экспортының** құндық **құрылымында** құндық көрсеткіштер бойынша негізгі көлем мысқа (34,6% – экспорттың жалпы көлеміндегі тауар үлесі), ферроқорытпаларға (13,8%), жалпақ илекке (9,7%), күміске (8,7%), мырышқа (3,8%), алюминийге (2,8%), болат шыбықтарға (2,2%) және т.б. тиесілі. Металлургия өнімдері экспортының 25,1%-ға оң динамикасы сыртқы сұраныстың артуы, сондай-ақ күмісті (+2,7 есе), мысты (+58,6%), қорғасынды (+36,5%) және т.б. жеткізу көлемінің ұлғаюы сияқты бірқатар себептерге байланысты.

*2026 жылғы қаңтар-мамыр айларында* ҚР металлургия өнімдерін өткізудің негізгі нарықтары Қытай (29,8%), Түркия (21,0%), Ресей (13,3%), Ұлыбритания (7,8%) болды.

*Қаңтар-мамыр 2026* **жылында металлургия өнімдерінің импорты** көлемі 2025 жылғы қаңтар-мамыр айларымен салыстырғанда 15,8%-ға ұлғайып, 1 534,4 млн АҚШ долларын құрады. Бұл ретте қара металлургия өнімдерінің импорты көлемі 2025 жылдың сәйкес кезеңіне қарағанда 3,6%-ға төмендеп, 1 107 млн АҚШ долларын құрады, ал түсті металлургия өнімдерінің импорты 2,4 есеге ұлғайып, 427,4 млн АҚШ долларын құрады.

**Импорттың құндық құрылымында** металлургия өнімдерінің 2026 жылғы қаңтар-мамыр айларындағы негізгі үлесін мынадай өнімдер құрайды: болат шыбықтар (15%), дәнекерленген құбырлар (9,2%), жіксіз құбырлар (9%), болат

дайындамалар (7,9%) және т.б. ҚР-ға металлургия өнімдерін негізгі жеткізушілер *2026 жылғы қаңтар-мамыр айларында* Ресей (70,6%), Қытай (21,2%) және Италия (1,4%) болып табылады.

2026 жылғы қаңтар-мамыр айларында ҚР металлургия өнеркәсібі нарығының көлемі 9,4 млрд АҚШ долларын құрады, мұнда отандық тауар өндірушілердің (ОТП) үлесіне 83,6%, импорттық өнімнің үлесіне 16,4% тиесілі.

Сала 4 өңірде жоғары аумақтық шоғырлануымен ерекшеленеді: Астана қаласы, Қарағанды облысы, ШҚО және Павлодар облысы. ҚР металлургия өндірісінің құрылымында 2026 жылғы қаңтар-маусым айларында Астана қаласының үлесі – 20,1%, Қарағанды облысының – 17,1%, ШҚО-ның – 15,3%, Павлодар облысының – 10,8%.